

ҚЫСҚАША ХАТТАМА _____

Кадр тапшылығы және жұмыс жүктемесінің артуы жағдайында дәрігерлердің жалақысын арттыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаларды сақтау туралы

11.09.2026ж

Атырау қаласы

Өткізілген орны: ШЖҚ КМК Атырау облыстық офтальмология ауруханасы

Қатысқандар: директордың м.а., бас есепші, кадрлық іс жүргізу жөніндегі менеджер, заңгер, комплаенс – офицер, дәрігер аудит және дәрігер статист

Күн тәртібі: Офтальмология ауруханасының көз дәрігерлерінің тапшылығы, жұмыс көлемі мен қарқындылығының артуына байланысты көз дәрігерлердің жалақысын белгілеу (арттыру) мәселесін қарау

Тыңдалды: Көз дәрігерлерінің тапшылығы, жұмыс жүктемесінің, орындалатын жұмыстың көлемі мен күрделілігінің артуына байланысты дәрігерлерге ынталандыру қажеттілігі қаралды.

"Мемлекеттік мүлік туралы" ҚР Заңының 138-бабына сәйкес еңбекақы төлеу нысандары, штат кестесі, лауазымдық айлықақылардың мөлшері, сондай-ақ сыйақы және өзге де сыйақы жүйесі белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде шарушылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны дербес айқындалады. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексі (270-бап): медицина қызметкерлерінің материалдық көтермелеуге, қажетті еңбек жағдайларын жасауға және әлеуметтік қолдау шараларына құқықтарына кепілдік береді.

Шешім қабылданды:

1. Жалақыны белгілеу және өзгерту ҚР қолданыстағы заңнамасына және ұйымның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылсын.
2. Еңбекақы мөлшері біліктілігі, атқаратын лауазымы, жұмыс көлемі мен күрделілігі, нақты жұмыс жүктемесі және қызмет нәтижелері сияқты объективті өлшемдер негізінде айқындалсын.
3. Жалақыны арттыру туралы шешімдерді қабылдау кезінде жеке мүдделілікке, туыстық байланыстарға, бейресми уағдаластықтарға және өзге де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмесін.
4. Қабылданған шешімдердің ашықтығы мен құжаттамалық негізділігі қамтамасыз етілсін.
5. Жауапты тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтасын және мүдделер қақтығысына жол бермесін.

Қатысушылардың қолы:

директордың м.а.

Д.Ескалиев

дәрігер аудит

Н.Құмарғалиев

бас есепші

Г.Утекешева

комплаенс-офицер

Б.Салиманова

кадрлық іс жүргізу жөніндегі менеджер

Н. Жаңабайқызы